**Ғабиден Мұстафиннің 100 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 24 шілде N 109-ө

Аса көрнекті қазақ жазушысы Ғабиден Мұстафиннің есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында:

1. 1-қосымшаға сәйкес құрамда Ғабиден Мұстафиннің 100 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі республикалық комиссия құрылсын.

2. 2-қосымшаға сәйкес Ғабиден Мұстафиннің 100 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2002 жылғы 24 шілдедегі
N 109 өкіміне
1-қосымша

Ғабиден Мұстафиннің 100 жылдық
мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі
республикалық комиссияның
ҚҰРАМЫ

Құл-Мұхаммед - Қазақстан Республикасының Мәдениет,
Мұхтар Абрарұлы ақпарат және қоғамдық келісім министрі,
төраға

Оразәлин - Қазақстан Жазушылар одағының бірінші
Нұрлан Мырқасымұлы хатшысы, төрағаның орынбасары
(келісім бойынша)

Беркімбаева - Қазақстан Республикасының Білім және
Шәмша Көпбайқызы ғылым министрі

Мұхаметжанов - Қарағанды облысының әкімі
Камалтин Ескендірұлы

Жақсыбеков - Астана қаласының әкімі
Әділбек Рыскелдіұлы

Храпунов - Алматы қаласының әкімі
Виктор Вячеславович

| | |
|---|---|
| Тілеухан Бекболат Қанайұлы | - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы |
| Жолдасбеков Мырзатай Жолдасбекұлы | - Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры |
| Қасқабасов Сейіт Асқарұлы | - М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры |
| Мұстафин Қайрат Ғабиденұлы | - жазушының ұлы (келісім бойынша) |

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2002 жылғы 24 шілдедегі
N 109 өкіміне
2-қосымша

Ғабиден Мұстафиннің 100 жылдық
мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар
жоспары

| Р/с N | Іс-шара | Орындау мерзімі | Орындауға жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Ғ.Мұстафиннің 10 томдық шығармалар жинағын, сондай-ақ замандастарының жазушы туралы естеліктерін шығару | 2002 жыл | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Білім және ғылым министрлігі |
| 2 | Ғ.Мұстафиннің мерейтойына арнайы почта маркаларын, суретхаттар, конверттер шығару | 2002 жыл | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 3 | Ғ.Мұстафиннің өмірі мен шығармашылығы туралы бұқаралық ақпарат құралдарында материалдар жариялау | 2002 жыл | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 | Ғ.Мұстафиннің 100 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізу | 2002 жыл | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| 5 | Республиканың оқу орындарында, мектептерінде, кітапханаларында тақырыптық кештер ұйымдастыру | 2002 жыл | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Жазушылар одағы (келісім бойынша) |
| 6 | Қарағанды қаласының бір көшесіне заңнамада белгіленген тәртіппен Ғ.Мұстафиннің есімін беру | 2002 жыл | Қарағанды қаласының әкімі |
| 7 | Туған жерінде жазушы мүсінін орнату | 2002 жыл | Қарағанды облысының әкімі |
| 8 | Алматы қаласында Ғ.Мұстафиннің мерейтойына арналған мерекелік іс-шаралар өткізу | 2002 жыл | Алматы қаласының әкімі |
| 9 | Қарағанды облысында Ғ.Мұстафиннің 100 жылдығына арналған мерекелік іс-шаралар өткізу | 2002 жыл | Қарағанды облысының әкімі |

Мамандар:
Қасымбеков Б.А.
Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК